

*Бекітемін:  
«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай – бақшасының  
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

## ***қазақ ертегілер апталығы: «Алпамыс батыр»***

*(Кіші топ «Алпамыс» тобы)*



***Тәрбиешілер: Берікбосынова Н  
Сатыбалдиева Б***

Таушық ауылы, 21.11.2023

**Білім беру саласы:** коммуникативтік, танымдық, шығармашылық ойын іс-әрекеті.

ББС: Сөйлеуді дамыту-көркем әдебиет, музыка

**Мақсаты:** Ертегілер әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру; Ертегі желі бойынша рольдерді ойнауға жаттықтыру; сөздік қорларын молайту, ертегіге қызығушылықтарын арттыру; адамгершілік қасиеттерге баулу.

**Әдіс-тәсілдері:** Әр түрлі іс-әрекет барысында ертегілерді сахналау үшін белсенділік танытуға жағдай жасау. Сахналау

### **«Алпамыс батыр» ертегісі.**

Балалар ертегіні ортаға шығып көрсетеді. Ертегі кейіпкерлерін образға еніп орындайды. Сахналық қойылым қояды.

**Кіріспе:** Ертегінің басты кейіпкері - Алпамыс батыр. Оның туып дүниеге келгені мен тұлғасына дейін жырда ерекше сипатталады. Ол байбөрі мен Аналықтың әулиелерге сиынып, жалаң аяқ жер кезіп жүріп тапқан ұлдары. Жыршылар Алпамысты ата-анаға опасыз Ұлтанқұлдан соң тудырып, оның балалық шағын ертегі батырларына ұқсатып әсірелейді. Алпамыс он жасында алып батыр болып, жұдырығы тиген балалар мерт болады. Байбөрі оған Байсары қызы Гүлбаршынды айттырып, заманына сай жаугершілік тұрғысында тәрбиелейді. Қалыңдығының қалмақ қолында екенін біліп, он жасар кезінде жау еліне аттанады. Қалмақ батыры Қараманды өлтіріп, қазақ қызын жаудан азат етуші болып суреттеледі.

### **Ертегі рөліндегі кейіпкерлерді сомдаушылар:**

Алпамыс батыр-Мағжан

Ата- Айбын

Әже-Мадина

Айдаһар-Ақберен

Қыз-Азалия

### **Негізгі бөлім:**

Жиделі - Байсын деген жерде, елі Қоңырат Байбөрі деген бір бай адам болады. Оның Құлтай дейтін ағасында да, өзінде де бала болмайды. Сол Құлтайдың күнінен туған бір баланы асырап, өзіне бала етеді. Атын Ұлтан

қояды. Ол өсе келе екеуіне де қорлық көрсете бастайды. Оған шыдай алмаған Байбөрі әйелі Аналық екеуі мал - мүлкінен безіп, тәңірден бала тілеп, әулиелердің моласына түнейді. Ақыры, олар Баба Түкті Шашты Әзиздің шапқатымен балалы болып, ұлының атын Алпамыс, қызының атын Қарлығашқояды.

Шекті еліндегі досы Сарыбайдың әйелі қыз тауып, атын Гүлбаршын қояды. Байбөрі Сарыбайға құда түседі. Бірақ кейін Сарыбайға «Алпамыс жалғыз, өле қалса әмеңгері Ұлтан құлға қызым қор болады - ау» деген ой келеді де, өзінің шектілерімен қалмақтың еліне көшіп кетеді. Алпамыс өскен соң бұл жайтты бір кемпірден естиді де, көп жылқысының ішінен Шұбар дөненді ұстап мініп, қалыңдығын алып келуге қалмаққа аттанады.

Өстіп жүргенде жеті жыл өтеді. Бір күні түс көріп, Қаракөзайымға еліне кететінін білдіреді. Қыз амалсыз көнеді. Жылына екі рет келіп тұруға уәде беріп, Алпамыс еліне жүріп кетеді.

Алпамыс ел шетіне келісімен, Құлтайдың баласы Тортайға кездесіп, үй ішінің хал - жайын сұрайды. Алпамыс кеткесін Ұлтан құл бар билікті өз қолына алып, қоңырат еліне сұлтан болып, Құлтайды қойға, Байбөріні түйеге, шешесін тезекке, Жәдігерді қозы бақтыруға, Тортайды жылқыға салып, бәріне де қатты азап көрсетеді. «Әйелің Гүлбаршынды алмақ болып, Ұлтан құл отыз күн ойын, қырық күн той жасап жатыр», - дейді. Алпамыс диуана болып киінеді де, бәрін өз көзімен көріп және кімнің дос, кімнің қас екендігін біліп, ақыры, Ұлтанды дарға асып, оны жақтаушыларды жазалайды. Ұлтаннан зәбір көрушілерді мүсіркеп, Ұлтан билеген кезде, тарап, тоз - тоз болып кеткен қоңырат елінің басын қосады.

**Қортынды:** Алпамыс батырлығымен елді мақсат, мұратына жеткізді.



Алпамыс ертегісі



Алпамыс ертегісі



Алпамыс ертегісі